

БСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

17 қаңтар 2025 жыл

KASE Тобы ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 стандарттары бойынша халықаралық сертификаттаудан өтті

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) және оның еншілес ұйымы "KASE Клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клирингтік орталық) тәуелсіз сертификаттау аудитінен сәтті өтіп, ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестік сертификаттарын алды.

ISO 9001:2015 сертификаты нарық қатысушыларының сенімін арттырады және бизнес-процестерді басқаруды және сапа саласындағы халықаралық стандартқа сәйкес Биржа мен Клирингтік орталықтың қызметін жүзеге асыруды растайды.

ISO 9001:2015 сертификаты Биржа мен Клирингтік орталықтың қызметінде ұзақ мерзімді стратегияның және клиенттер мен стейкхолдерлер алдындағы міндеттемелерді орындауға жүйелі тәсілдің бар екендігін куәландырады.

ISO 9001: 2015 стандартының талаптары мыналарға қойылатын талаптарды қамтиды:

- **ұйымның негізгі процестері:** жоспарлау, жобалау және әзірлеу, сатып алу, дайындау, қызмет көрсету, бақылау;
- **көмекші процестер:** персоналды басқару, білімді басқару, инфрақұрылымды дұрыс ұстау;
- **басқару процестеріне:** стратегиялық жоспарлау, мақсат қою, жобаларды басқару, үздіксіз жетілдіру процесі.

KASE Тобы нарық қатысушыларына қызметтің тиімділігін арттыруға, тәуекелдерді азайтуға және мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды жақсартуға бағытталған сенімді және тиімді шешімдерді ұсына отырып, бизнес-процестерді ұдайы жетілдіру және инновациялық шешімдерді енгізу қағидатын ұстанады.

ISO/IEC 27001: 2022 сәйкестік сертификаты Биржаның және Клирингтік орталықтың ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін ұйымдастырудың жоғары деңгейін растайды, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ішкі саясаттар, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бақылау құралдары мен шараларын басқару, қауіптердің тұрақты мониторингі және тәуекелдер мен мүмкіндіктерге ден қою жөніндегі іс-қимылдар қамтылған.

ISO/IEC 27001:2022 стандарты бойынша ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету деректердің сақталуына, нарық қатысушыларының ақпаратын қорғауға сенімділік береді және Биржаның және Клирингтік орталықтың белгіленген саясаттарына сәйкес ақпараттық активтердің тұтастығына, құпиялылығына және қолжетімділігіне кепілдік береді.

"ISO сертификаттарын алу – халықаралық стандарттарға сәйкестікті растау ғана емес, сонымен қатар нарық қатысушыларының сенімін арттырудың тағы бір қадамы. Біз әлемдік деңгейдегі қызметтерді ұсыну үшін сапа мен қауіпсіздікті басқару процестерін жетілдіруді жалғастырамыз", - деп атап өтті Биржа басшылығы.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ – қор, ақша, валюта және мерзімді нарықтарды біріктіретін ірі қазақстандық биржа қаржы индикаторларының операторы және биржалық ақпарат провайдері болып табылады. KASE алаңының әмбебаптығы сауда-саттыққа қатысушылар мен олардың клиенттеріне өтімділікті басқару үшін ең жақсы жағдайларды қамтамасыз етуге және инвестициялық стратегияларды іске асыруға мүмкіндік беретін түрлі қаржы құралдарымен бірнеше нарықта операцияларды белсенді жүргізуге мүмкіндік береді.

"KASE Клиринг орталығы" АҚ – клирингілік және есеп айырысу функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ барлық KASE нарықтарында орталық контрагенттің қызметтерін ұсынатын Қазақстан қор биржасының еншілес ұйымы.

Сапа менеджменті жүйесінің **ISO 9001:2015** халықаралық стандарты – қызмет нәтижелерін жақсартуға және клиенттердің қанағаттану деңгейін арттыруға бағытталған бизнес-процестерді басқаруға қойылатын талаптарды белгілейтін стандарт. ISO 9001 сертификаты ұйымның процестерді үздіксіз жақсартуға, тұтынушылардың қанағаттануын арттыруға және көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге бағытталған ең жақсы басқару тәжірибесін қолданатынын растайды.

Ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік және жеке өмірді қорғаудың **ISO / IEC 27001: 2022** халықаралық стандарты – ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құруға, енгізуге, қолдауға және үздіксіз жақсартуға қойылатын талаптарды белгілейтін стандарт.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.